

## **Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше мемлекеттердің Сыртқы істер министрлері кеңесінің мәжілісін дайындау және өткізу туралы**

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2005 жылғы 31 мамырдағы N 151-ө  
Өкімі

2005 жылғы 3-4 маусымда Астана қаласында Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше мемлекеттердің Сыртқы істер министрлері кеңесінің мәжілісін дайындау және өткізу жөніндегі протоколдық-ұйымдастыру іс-шараларын қамтамасыз ету мақсатында:

1. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі:

2005 жылғы 3-4 маусымда Астана қаласында Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше мемлекеттердің Сыртқы істер министрлері кеңесінің мәжілісін (бұдан әрі - мәжіліс) дайындау және өткізу жөніндегі протоколдық-ұйымдастыру іс-шараларын қ а м т а м а с ы з е т с і н ;

Қытай Халық Республикасының, Қырғыз Республикасының, Ресей Федерациясының, Тәжікстан Республикасының, Өзбекстан Республикасы мен Шанхай ынтымақтастық ұйымы Хатшылығының ресми делегациялары (бұдан әрі - ресми делегациялар) мүшелерінің 1+3 форматы бойынша қонақ үйде тұруына 2005 жылға арналған республикалық бюджетте 006 "Өкілдік шығындар" бағдарламасы бойынша көзделген қаражат есебінен 2159668 (екі миллион бір жүз елу тоғыз мың алты жүз алпыс сегіз) теңге сомасында қаражат бөлсін.

2. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі, Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметі (келісім бойынша), Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті (келісім бойынша) ресми делегациялар мүшелерінің әуежайдағы, тұратын және болатын орындарындағы қауіпсіздігін, сондай-ақ жүретін бағыттары бойынша бірге жүруді қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі белгіленген т ә р т і п п е н :

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігімен және Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігімен бірлесіп, ресми делегациялардың басшылары арнайы ұшақтарының Қазақстан Республикасы аумағының үстінен ұшып өтуін, Астана қаласының әуежайына қонуын және одан ұшып шығуын;

Астана қаласының әуежайында арнайы ұшақтарға техникалық қызмет көрсетуді, олардың тұрағын және жанармай құюды қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігі мәжілістің бұқаралық ақпарат құралдарында жария етілуін қамтамасыз етсін.

5. Астана қаласының әкімі ресми делегацияларды қарсы алу және шығарып салу, Астана қаласының әуежайы мен көшелерін безендіру, мәдени бағдарлама ұйымдастыру жөніндегі ұйымдастыру іс-шараларының орындалуын қамтамасыз етсін.

6. Қазақстан Республикасы Республикалық ұланы (келісім бойынша) Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің атынан ресми қабылдауда концерттік бағдарлама ұйымдастырсын.

7. Осы өкімнің іске асырылуын бақылау Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігіне жүктелсін.

*Премьер-Министр*